

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесі отырысының ХАТТАМАСЫ № 3

Атырау қаласы.

02.07. 2019 жыл .

Отырыстың өткізілу нысыны: күндізгі

Өткізілген орны: «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК мәжіліс залы, 060014, Атырау қаласы, Қожақаев көшесі, 19а. тел.: 8(7122) 24-39-41, 24-42-44, 24-27-91
E-mail atyrau_ond@mail.ru; E-mail:atyrau-ocpz@med.mail.kz;

Өткізілген уақыт: 2 шілде 2019 жыл, сағат 15:00

Қатысқандар: Тізім бойынша. Кворум толығымен сақталуда.

Байқау кеңесінің таңдалған мүшелерінің жалпы саны – 7 адам.

Отырысқа қатысқаны: 5 адам.

Қатысқан байқау кеңесінің мүшелері:

1. Апуов Утемис Сайфуллаевич,
2. Егизбаева Шырынкуль Жумагазиевна,
3. Танбаева Гульнафис Абдиллаевна,
4. Жанбираев Нуржан Ерланович,
5. Нұрмұханов Куаныш Кулбаевич.

Қатыспаған байқау кеңесінің мүшелері:

1. Рыскалиева Айжан Кайсағалиевна,
2. Нысанов Жекшембай Калменович,

Байқау кеңесінің хатшысы: Ахметов С.

Күн тәртібі:

1. Кәсіпорындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша жұмыс туралы.
2. Әр түрлі.

Отырысты Байқау кеңесінің төрағасы Апуов Утемис Сайфуллаевич ашты. Бұдан кейін байқау кеңесінің мүшелерін күн тәртібімен таныстырып, дауыс беруді ұсынды. Күн тәртібі бір дауыстан қабылданды (дауыс берді: оң – 7, қарсы - жок).

Байқау кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум бар.

Байқау кеңесінің отырысы заңды деп танылды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ШЖҚ «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК заңгері С.Ахметов баяндама жасады:

- ШЖҚ «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК бойынша 15.04.2013 жылы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңы қабылданды. Қабылданған Заң талаптары көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша жаңа көзқарастарды қалыптастырып, негізінен қызмет алушы және азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығында, мемлекеттік көрсетілетін қызмет, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 272 бұйрығымен бекітілген, Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына және регламентке сәйкес беріледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміндегі, денсаулық сақтау саласы бойынша көрсетілген қызметтердің бізге тиісті бөлімдері бойынша қызмет көрсетіліп келеді. Жоғарыда айтылған нормативтік актілерге заман ағымына сай өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырылғанды белгілі. Осыған байланысты бізде уақытылы шара қабылдаудамыз. Сонымен қатар осы бағытта жеке және заңды тұлғаларды ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында, арнайы стендтер жасақталып, оларға дәрігерлердің аты-жөні, медициналық мамандығы, пациенттерді қабылдау уақыты көрсетілген мәліметтер ілінген. Сонымен қатар бұл стендтерге, ұйымның жұмыс кестесі, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер және ақылы қызметтер жөнінде ақпараттар, тегін медициналық көмектің кепілді көлемі туралы, ішкі аудит қызметі, сенім телефоны туралы мәліметтер ілінді. Көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынылады. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агентігінің Атырау облысы бойынша департаментінің жолдаған қазақ және орыс тілінде жазылған, түрлі-түсті бояулардағы жадынамалары, Орталық ғимаратының көрнекі жерлеріне ілінген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы логотиптер бейнеленген постерлер, жабыстырмалар, күнтізбелер, конвертер, қаламсаптар, стен-флаерлер алынып, мемлекеттік қызмет көрсету кабинеттеріне ілініп, қызметкерлерге жұмысқа пайдалану үшін таратылып берілді. ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаментінің өңірдегі денсаулық сақтау басқармасына аталған мемлекеттік қызметтерді біріктіру арқылы бір өтініш негізінде екі құжатты рәсімдеу және қызмет құнын азайту туралы ұсынымына байланысты, біз наркологиялық және психоневрологиялық ұйымнан берілетін анықтаманы бір бланкаға рәсімдеп, осы қызметті алушыларға қолайлы жағдай жасалды. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібі енгізілді. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіле береді деп сендіремін.

Байқау кеңесінің төрағасы Апуов Утемис Сайфуллаевич баяндама бойынша дауыс берулерін сұрады.

Дауыс беруде қойылған мәселе: «Оң» дауыс беру -ШЖҚ «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша мақұлдау.

Дауыс беру қорытындысы:

«Оң» - 5

«Қарсы» - жоқ

«Қалыс қалған» - жоқ.

Шешім қабылданды.

Шешім: ШЖҚ «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мақұлданды.

ШЖҚ «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК Байқау кеңесінің төрағасы Апуов Утемис Сайфуллаевич

Байқау кеңесінің мүшелері:

Нысанов Жекшембай Калменович,

Егизбаева Шырынкуль Жумагазиевна,

Джанбираев Нуржан Ерланович,

Танбаева Гульнафис Абдилаевна,

Рыскалиева Айжан Кайсағалиевна,

Нұрмұханов Куаныш Кулбаевич.

Хаттама 2019 жылғы 2 шілдеде жасалды.

Байқау кеңесінің хатшысы Ахметов С.